Ауыспалы токтың, мөлшерлеу сорғыларының қозғалтқыштары ыстық болуы мүмкін.
Желдеткіштің қаптамасына дейін 100 мм кем емес бос кеңістік болуы тиіс!

Сорғының дұрыс жұмыс істеуі үшін сорып алатын және айдау клапандарының арасына 2 бар кем емес қысымның оңтайлы айырмашылығы қажет болады.

Нұсқау

Егер жиынтықталған қысымға қарсылық (мөлшерлеу нүктесінде) және сорып алу клапаны мен мөлшерлеу нүктесі арасындағы биіктіктің геометриялық айырмашылығы 2 бар (су бағанының 20 м.) төмен құрайтын болса, тікелеу мөлшерлеу нүктесінің алдына қысымды қалыпты күйде ұстайтын клапан орнату қажет.

8.2 Сорғыны құрастыруға қойылатын талаптар

8.2.1 Жұмыс істеуге және техникалық қызмет көрсету үшін қажетті кеңістік

Нұсқау

Сорғы жұмыс уақытында қалай болса, техникалық қызмет көрсету кезінде де еркін қол жететіндей болып орнатылуы тиіс.

Мөлшерлеу бастиегінің және клапандардың техникалық қызмет көрсетуі ұдайы түрде жасалуы керек.

- Мөлшерлеу бастиегін және клапандарды ағытып алу үшін, жеткілікті бос кеңістікті қамтамасыз етіңіз.

8.2.2 Жол берілетін сыртқы жағдайлар

14.7 Сыртқы орта және пайдалану шарттары тарауын қар.

Нұсқау

Орнату орны жабық болуы тиіс!
Ашық жерде орнатпаңыз!

8.2.3 Орнатуға арналған жер

Сорғы тегіс, көлденең жерде орнатылуы тиіс.

8.3 Бекіту

- Төрт бұранданы қолдана отырып, сорғыны консолға немесе сорғының фундаментіне бекітіңіз

Нұсқау

Мөлшерлеу кезінде сұйықтықтың ағыны ауырлық күшіне қарама-қарсы бағытта жылжуы тиіс!

8.4 Пульсация демпферінің қолдану шарттары

Внимание

Сорғының зақымдану қауіпі!
Әрдайым ағын жылдамдығы жоғары үлкен сорғылар үшін қысымды пульсациялау демпферін қолдану ұсынылады.
Әдетте, 1000 л/с жоғары шығыны қарастырылған сорғы модельдері үшін (DMH 257) сорып алатын және айдау қысымды желідегі соғу демпферлерін сорғының сорып алатын және айдау клапандарының жанына орнату керек. (9-сур. қар.)
Сорып алатын және айдау желілерінің өлшемдері сәйкес таңдап алынады. Пульзациялар көптеген факторларға байланысты болатындықтан, нақты есептеулерді қолданған маңызды. Деректерді есептеу бағдарламасынан сұратыңыз.

Төменде келтірілген кестеде сорғылардың әртүрлі типтеріне арналған пульсацияның демпферленуі талап етілмейтін жобалау мәндері келтірілген (сорып алу желісінің номиналды диаметрі және ең жоғары ұзындығы). Бұл мәндер мөлшерлеу сорғысын суда немесе осыған ұқсас сұйықтықтармен жиілігі 50 Гц жұмыс істеу кезінде қолданбалы.

Сорғының типі	Айналым жиілігі [ход/мин]	Сорып алу желісінің номиналды диаметрі	Сорып алу желісінің ең жоғары ұзындығы [м]
DMH 251			
DMH 2.4-10	14	DN 8	8
DMH 5-10	29	DN 8	8
DMH 13-10	63	DN 8	3
DMH 19-10	96	DN 8	1,5
DMH 24-10	120	DN 8	1
DMH 2.3-16	14	DN 8	8
DMH 4.9-16	29	DN 8	8
DMH 12-16	63	DN 8	3
DMH 18-16	96	DN 8	1,5
DMH 23-16	120	DN 8	1
DMH 2.2-25	14	DN 8	8
DMH 4.5-25	29	DN 8	8
DMH 11-25	63	DN 8	3
DMH 17-25	96	DN 8	1,5
DMH 21-25	120	DN 8	1
DMH 252			
DMH 11-10	29	DN 8	8
DMH 24-10	63	DN 8	2
DMH 37-10	96	DN 8	1
DMH 46-10	120	DN 8	1
DMH 10-16	29	DN 8	8
DMH 23-16	63	DN 8	2
DMH 36-16	96	DN 8	1
DMH 45-16	120	DN 8	1
DMH 54-16	144	DN 8	1
DMH 253			
DMH 21-10	29	DN 20	8
DMH 43-10	63	DN 20	8
DMH 67-10	96	DN 20	6
DMH 83-10	120	DN 20	4
DMH 100-10	144	DN 20	3
DMH 254			
DMH 50-10	26	DN 20	8
DMH 102-10	54	DN 20	8
DMH 143-10	75	DN 20	5
DMH 175-10	92	DN 20	3
DMH 213-10	112	DN 20	1,5
DMH 291-10	153	DN 20	1
DMH 46-16	26	DN 20	8
DMH 97-16	54	DN 20	8
DMH 136-16	75	DN 20	5
DMH 166-16	92	DN 20	3
DMH 202-16	112	DN 20	1,5
DMH 276-16	153	DN 20	1
DMH 255			
DMH 194-10	54	DN 20	5
DMH 270-10	75	DN 20	3
DMH 332-10	92	DN 20	1,5
DMH 403-10	112	DN 20	1
DMH 550-10	153	DN 20	1,5
DMH 257			
DMH 220-10	28	DN 32	4,5
DMH 440-10	56	DN 32	4,5
DMH 575-10	73	DN 32	3
DMH 750-4	73	DN 32	1,5
DMH 770-10	98	DN 32	1,5
DMH 880-10	112	DN 32	1
DMH 1150-10	146	DN 32	0,5
DMH 1500-4	146	DN 32	0,5

8.5 Сорғыны орнатудың типтік схемалары



9-сур. Тиімді құрастыру үлгісі

Айқ.	Компоненттері
1i	Мөлшерлеу бағы
2i	Электр араластырғышы
3i	Калибрлеу цилиндрі
4i	Сорып алу желісіндегі қысым пульсациясының демпфері
5i	Мөлшерлеу сорғысы
6i	Сақтандырғыш клапан
7i	Қысымды қалыпта ұстайтын клапан
8i	Айдау желісіндегі қысымды пульсациялау демпфері
9i	Ағын индикаторы
10i	Инжекциялық клапан
15i	Сүзгі

8.6 Сорғыны орнату бойынша типтік кестелер

- Мөлшерлеу бастиегінің деаэрациялануын жеңілдету үшін, тікелей айдау клапанынан кейін (мөлшерлеу клапанының артына) байпасты желісі бар жұмырлы қлапан орнатыңыз (11i).
- Айдау желілері ұзын болған жағдайда айдау клапанына кері клапан орнатыңыз (12i).



10-сур. Жұмырлы клапаны және кері клапаны бар қондырғы

- Сорып алу желісін құрастыру кезінде келесілерді сақтаңыз:
  – Сорып алу желісін мүмкіндігінше қысқа қылып жасаңыз. Бұл шырматылудан сақтандырады.
  – Қажет болған жағдайда иіннің орнына байыпты бұруды қолданыңыз.
  – Әрдайым сорып алу желісін сорып алу клапанына бағыттаңыз.
  – Ауа көпіршіктерін туғызатын түйінделулерді болдырмаңыз.



11-сур. Сорып алу желісін орнату

- Тұтқырлығы шамамен судыкіндей болатын газсыздандырылмаған құралдарға арнап сорғы бакта орнатылуы мүмкін (сорып алудың мейілінше жоғары биіктігін сақтаңыз).
- Батырылған сорып алу желісі жақсырақ.
- Тұнба түзілуге бейімді мөлшерлеу орталарына арнап сорып алу желісін сорып алу клапаны тұнба деңгейінен бірнеше миллиметрге жоғарыда қалатындай қылып сүзгімен (13i) орнатыңыз.



12-сур. Бакта орнату

- Сорып алу желісіне қатысты ескертулер:
  Мөлшерлеу шығынына және желінің ұзындығына байланысты тікелей сорғының сорып алу клапанының алдына көлемі сәйкес келетін қысым пульсациясының демпферін (4i) орнату қажет болуы мүмкін.

Нұсқау

8.4 Пульсация демпферін қолдану шарттары тарауын қар., егер қажет болатын болса, нақты жүйе туралы деректерді есептеу бағдарламасынан сұратыңыз.



13-сур. Қысымды пульсациялау демпферін сорып алу жағына орнату

- Сорып алу желісіне қатысты ескертулер:
  Мөлшерлеу шығынына және желінің ұзындығына байланысты айдау жағына (4i) көлемі сәйкес келетін қысым пульсациясының демпферін орнату қажет болуы мүмкін.

Нұсқау

Ұзындығы 2 метрден жоғары қатты құбыр желелілері және ұзындығы 3 метрден жоғары иілгіш құбыр желілері бар жүйені қорғау үшін, тиісті типті және көлемді қысымды пульсациялау демпферлерін (8i) қолданыңыз.



TM03 6301 4506

14-сур. Қысымды пульсациялау демпферін айдау жағына орнат

Назар аударыңыз

Сорғының зақымдану қауіпі!
Әрдайым ағын жылдамдығы жоғары үлкен сорғылар үшін қысымды пульсациялау демпферін қолдану ұсынылады!
Пульсациялар көптеген факторларға байланысты болатындықтан, нақты есептеулерді қолданған маңызды.
Деректерді есептеу бағдарламасынан сұратыңыз.

- Газ бөлмейтін және тұтқыр сұйықтықтарға арнап: батырылған сорып алу желісі.
- Клапандардың бітеліп қалуын болдырмас үшін, сорып алу желісіне сүзгі орнатыңыз.
- Мөлшерлеу сорғысын және айдау желісін артық қысымның көтерілуінен қорғау үшін, айдау желісіне сақтандыру клапанын (6i) орнатыңыз.



TM03 6302 4506

15-сур. Сақтандырғыш клапаны бар қондырғы

Мөлшерлеу заттегін ашық ағызып жіберу немесе 2 бар төмен қысымға қарсы

- Плунжерлі клапанды (7i) тікелей кіру немесе бүрку нүктесінің алдына орнатыңыз

Сорғының сорып алу клапанындағы мөлшерлеу ортасының қысымы және беру нүктесіндегі қысымға қарсылық арасында 2 бар төмен емес қысымның түсуі қамтамасыз етілуі тиіс.

- Егер бұны қамтамасыз ету мүмкін бролмайтын болса, айдау желісіне серіппелендірілген клапан (7i) орнатыңыз.



TM03 6303 4506

16-сур. Серіппелендірілген клапаны бар қондырғы

- Сифонды әсерді болдырмас үшін, айдау желісіне серіппелендірілген клапан (7i) орнатыңыз және қажет болған жағдайда сорып алу желісіне электромагнитті клапан (14i) орнатыңыз.



TM03 6304 4506

17-сур. Сифонды әсерді болдырмауға арналған қондырғы

8.7 Құбыр желілері

8.7.1 Жалпы мәліметтер

Ескертпе
Мөлшерлеу желісін көтеріңкі артық қысымнан қорғау үшін, айдау желісіне сақтандыру клапанын орнатыңыз.
Құбырлардың тек қолдануға ұйғарылған типін пайдаланыңыз!
Барлық құбыр желілері тартылудан бос болуы тиіс!
Құбырлардың түйінделуін және сығылуын болдырмаңыз!
Кавитацияны жою үшін, сорып алу желісін мүмкіндігінше қысқа қылыңыз!
Қажет болған жағдайда иіннің орнына байыпты бұру қолданыңыз.
Химикаттармен жұмыс істеу кезінде химикатты өндірушінің қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулығын сақтаңыз!
Сорғының мөлшерлеу ортасына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз!
Сұйықтықтың ағыны ауырлық күшінің қарама-қарсы бағытта жылжуы тиіс!

Назар аударыңыз

Ортамен түйісетін тетіктер материалының төзімділігі ортаның сипатына, оның температурасына және жұмыс қысымына байланысты болады.
Мөлшерлеу кезінде ортамен түйісетін тетіктердің химиялық төзімділігі пайдалану шарттарына сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз!
Сорып алу құбыр желісінде немесе сорып алу желісінің қабылдау клапанында әрдайым сүзгішті тексеріңіз. және қажет болса тазартыңыз. Оператор құбыр желісіне қызмет көрсету белгіленген жиілігі үшін жауапты.
Әрдайым желілердің саңлаусыздығын тексеріңіз.

8.8 Сорып алу және айдау желілерін қосу

Ескертпе
Барлық құбыр желілері тартылудан бос болуы тиіс!
Құбырлардың тек қолдануға ұйғарылған типін пайдаланыңыз!

- Сорып алу желісін сорғының сорып алу клапанына жалғаңыз.
  – Сорып алу желісін құбырдың төменгі ұшындағы клапан бактын түбінен, мүмкін тұнба деңгейінен, 5-10 мм жоғарыда қалатындай қылып бактың ішіне орнатыңыз.
- Айдау желісін сорғының айдау клапанына жалғаңыз.

Құбыршектерді қосу

- Жалғауларға байланысты, құбыршекті ниппельге кигізіңіз, оны жауапты бөлігінің немесе құбыршекке арналған қамыттың көмегімен бекітіңіз.
- Төсем салыңыз.
- Ілме сомынның көмегімен құбыршекті клапанға бұрап бекітіңіз.



18-сур. Құбыршектерді қосу

Құбыр желілерін DN 20 стандарты бойынша қосу

- Құбырлардың материалына және жалғауларына байланысты келесі әдістер қолданылады: желімдеу (ПВХ), дәнекерлеу (полипропилен, поливинилиденфторид немесе тот баспайтын болат) немесе қысыммен отырғызу (тот баспайтын болат).
- Төсем салыңыз.
- Құбырды ілмек сомынның көмегімен клапанға бұрап бекітіңіз.



19-сур. Құбыр желілерін DN 20 стандарты бойынша қосу

Құбыр желілерін DN 32 стандарты бойынша қосу

- Құбырлардың материалына байланысты,ерітіп жабыстыруға арналған мойыны бар фланецке құбырды жабыстырыңыз (тот баспайтын болат) немесе құбырды фланецтің ішкі саңылауына орнатып жабыстырыңыз (полипропилен, поливинилиденфторид).



20-сур. Құбыр желілерін DN 32 стандарты бойынша қосу

8.8.1 Сұйық жылу тасығышы бар мөлшерлеу бастиегін қосу (қосымша жабдық)

Сұраныс бойынша, сұйық жылу тасығышы бар мөлшерлеу бастиегі тот баспайтын болаттан жасалу орындалымында қол жетімді.



21-сур. Сұйық жылу тасығышы бар мөлшерлеу бастиегі

Айқ.	Компоненттері
2f	Сұйық жылу тасығышы бар мөлшерлеу бастиегі
2f1	Құбыршек ниппелі, DN 10 қосылуы

Жылу тасығыштың қажетті сипаттамалары:

- Жылу тасығыш тот баспайтын болатты химиялық коррозияға әкелмеуі тиіс.
- Ең жоғары рұқсат етілген қысым: $p_{м.ж.}$ = 3 бар.
- Ең жоғары рұқсат етілген температура: $t_{м.ж.}$ = 100 °C.

9. Электр жабдықты қосу

Жерге тұйықтау

Назар аударыңыз ***Құрастыру кезінде барлық сорғылар мен керек-жарақтар жерге тұйықталуы тиіс.***

Корпусы пластмассадан жасалған орындалымдағы мембрананың жарылуы датчигінің сорғымен ток өткізгіш жалғауы жоқ және клиент жерге тұйықтауды өзі орындауы тиіс.

Электр жалғаулары

Сорғы пайдаланылатын қуат көзіне сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз.

Ескертпе
Электр жабдықтарын қосу тек білікті персоналмен орындалуы тиіс!
Реле түйісулері мен қуат кабелін жалғар алдында желілік қуатты ажыратыңыз!
Жергілікті қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтаңыз!
Сорғының корпусы тек Grundfos компаниясымен өкілеттенген персоналмен ашылуы тиіс!
Кабель жалғағыштары мен вилкаларды коррозия мен ылғалдан қорғаңыз.
Тек пайдаланылатын ұяшықтардың қорғаныш қақпақтарын шешіңіз.

9.1 Сервоқозғалтқыш (қосымша жабдық)

Сервоқозғалтқышты қорек көзіне қосу үшін, сервоқозғалтқышқа арналған құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қар.

9.2 Электрлі қыздырғышы қарастырылған мөлшерлеу бастиегі (қосымша жабдық)



22-сур. Электрлі қыздырғышы қарастырылған мөлшерлеу бастиегі

Айқ.	Компоненттері
2e	Мөлшерлеу бастиегі, элетрлі қыздырылатын

- Сервоқозғалтқышты қорек көзіне қосу үшін термореле арналған Төлқұжатын, құрастыру және пайдалану бойынша Нұсқаулығын қар.



23-сур. Термореле

Айқ.	Жалғаным
2e1	Датчик
2e2	Қыздыру
2e3	Қорек беру

9.3 Мембрананың жарылуы датчигі (қосымша жабдық)

Ескертпе
Жарылыстан қорғалған орындалымдағы сорғыларды жарылыстан корғалған орындалымдағы түйісу манометрі бар мембрананың жарылуы датчигі орнатылады.
Манометр жерге тұйықталған болуы тиіс. Жерге тұйықтау кабелінің (4u) қосылуын 24-сур. қар.



24-сур. Мембрананың жарылуы датчигі

Айқ.	Компоненттері
S	Түйісу манометрі
5s	Ілмек сомын
6s	Шығу түйісуі
T	Жұмырлы кері клапан
U	Жалғау буыны
2u	Ауа шығару бұрандасы
3u	Нығыздағыштар
4u	Жерге тұйықтау кебеліне арналған жалғау
5u	Ілмек сомын
2)	немесе блоктау буыны (түйісу манометрі және тізбекті қосу орнына).

9.4 Қуат кабелін жалғау

Ескертпе
Қуат кабелін жалғар алдында қуат блогын ажыратып тастаңыз!
Қуат кабелін жалғар алдында сорғының зауыттық тақташасында көрсетілген номиналды кернеу жергілікті шарттарға сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз!
Қуат кабелінде немесе вилкада ешқандай өзгертулер жасамаңыз!

Назар аударыңыз ***Вилка-розетка мен сорғының арасындағы жалғаудың сәйкестігі айқын белгіленуі тиіс (мысалы, штепсельді розетка маркаланған).***

Назар аударыңыз ***Қуат блогын жалғаған кезде сорғы автоматты түрде қосылуы мүмкін!***

- Қуат блогын сорғыны іске қосуға дайын болмайынша қоспаңыз.

9.4.1 Желілік вилкасы бар орындалым

- Желілік ввилканы розеткаға қосыңыз.

9.4.2 Желілік вилкасыз орындалым

Ескертпе
Сорғы барлық түйісулерге арналған түйісулер арасындағы саңылауы 3 мм болатын жақсы белгіленген сыртқы желілік ажыратқышқа қосылуы тиіс.

- Қозғалтқышты қуат желісіне қосу жергілікті нормаларға және тарату қорабының қақпағындағы қосу схемасына сәйкес орындалуы тиіс.

Ескертпе
Корпустың берілген қорғаныш дәрежесі тек, егер қуат кабелі осындай қорғанышпен жалғанатын болса қамтамасыз етіледі.

Назар аударыңыз ***Айналыс бағытын сақтаңыз! Қозғалтқышты қорғау үшін қорғанышты ажыратқыш немесе қозғалтқыштың түйістіргішін орнатыңыз, сонымен қатар берілген кернеу және жиілік кезінде қозғалтқыштың номиналды тогына биметалды релені баптаңыз.***

9.5 AR басқару блогы

AR басқару блогын қуат көзіне қосу үшін AR басқару блогының Төлқұжатын, құрастыру және пайдалану бойынша Нұсқаулығын қар.

9.6 Жиілік түрлендіргіш (опция)

Жиілік түрлендіргішті қуат көзіне қосу үшін жиілік түрлендіргіштің Төлқұжатын, құрастыру және пайдалану бойынша Нұсқаулығын қар.

9.7 Мембрана айналысының кіріктірілген датчигі (опция)

Мембрана айналысының кіріктірілген датчигін қосу үшін, төменде келтірілген схеманы басшылыққа алыңыз.



25-сур. Мембрана айналуы датчигін қосу схемасы

10. Пайдалануға беру

Барлық бұйымдар дайындаушы-зауытта қабылдап-тапсыру сынағынан өтеді. Орнату орнында қосымша сынақ өткізудің қажеті жоқ.

10.1 Сорғылардың алғашқы және соңғы іске қосылуларына қойылатын жалпы талаптар

Ескертпе
Қауіпті орталарды мөлшерлеу кезінде әрдайым тиісті қауіпсіздік шараларын сақтаңыз!
Мөлшерлеу бастиегімен, жалғаулармен немесе желілермен жұмыс істеу кезінде жеке қорғану құралдарын пайдаланыңыз (қолғаптар және көзілдіріктер)!
Мөлшерлеу бастиегін, клапандарды және желілерді алып тастар алдында сорып алу клапанын бұрап ағытып алып, мөлшерлеу бастиегінде қалған ортаны түпқоймаға ағызып жіберіңіз.
Сорғының корпусы тек Grundfos компаниясымен өкілеттенген персоналмен ашылуы тиіс!
Жөндеу жұмыстары тек білікті және өкілетті персоналмен орындалуы тиіс!

Назар аударыңыз

Клапан ағысы бағытының маркалануының сәйкестігін сақтаңыз (клапанда нұсқармен көрсетілген).
Пластмассадан жасалған клапандарды тек қана қолмен тартыңыз.

10.1.1 Іске қосу алдындағы тексерулер

- Сорғының фирмалық тақташасындағы номиналды кернеудің жергілікті жағдайларға сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз!
- Барлық жалғанулардың сенімді екеніне көз жеткізіңіз, қажет болған жағдайда оларды қатайтып тартыңыз.
- Мөлшерлеу бастиегінің барлық бұрандалары мықтап тартылғандығына көз жеткізіңіз, қажет болған жағдайда оларды қатайтып тартыңыз.
- Барлық электр жалғауларының дұрыс орындалғандығына көз жеткізіңіз.
- Мөлшерлеу бастиегінің бұрандаларын диагональ бойынша динамометрикалық сомынды кілттің көмегімен қатайтып тартыңыз.

Бұрандаларды қатайтып тарту шамасы

Сорғының типі	Қатайтып тарту шамасының мәні [Нм]
DMH 251, 10 бар	8-10
DMH 251, 16 бар	10-12
DMH 251, 25 бар	13-15
DMH 252	8-10
DMH 253	10-12
DMH 254	50-54
DMH 255	50-54
DMH 257	50-54

10.1.2 Май құю

Нұсқау

Сорғы дайындаушы-зауытта тексеріледі, ал жөнелту кезінде майын ағызып жібереді. Пайдалануға енгізер алдында сорғыға арнайы қосылып берілген майды құйыңыз. Іске қосуды жеңілдету үшін, плунжердің манжеті маймен толтырылған болуы тиіс. Айналым ұзақтығын реттеу тұтқасын тек жетек толтырылған кезде ғана реттеу қажет, әйтпесе май манжеттен ағып кететін болады..

1. Май құю саңылауының бұрандалы қақпағын (F) босатып, ағытып алыңыз (23-сур.).
2. Сорғыға қосылып берілген гидравликалық майды май құю саңылау (F) арқылы, май деңгейі қуыс бұрғысындағы белгіге жеткенге дейін баяулап құйыңыз.
3. Айналым ұзақтығын реттеу тұтқасын (L) «0» қойыңыз.

10.1.3 Сорып алу желісі батырылмаған жағдайдағы алғашқы іске қосу үшін мөлшерлеу бастиегін толтыру

Ескертпе
Қауіпті орталарды мөлшерлеу кезінде әрдайым тиісті қауіпсіздік шараларын сақтаңыз.
Мөлшерлеу бастиегімен, жалғаулармен немесе желілермен жұмыс істеу кезінде жеке қорғану құралдарын пайдаланыңыз (қолғаптар және көзілдіріктер)

Алғашқы іске қосар алдында сорып алу желісі батырылмаған жүйеге арналған қосалқы сорып алғышсыз мөлшерлеу бастиегін мөлшерлеу ортасыз толтыру қажет:

1. Айдау клапанын бұрап ағытыңыз (3b).
2. Мөлшерленетін ортаны мөлшерлеу бастиегіне қосыңыз (2).
3. Айдау клапанын орнына бұрап қойыңыз (3b).

Нұсқау

Айдау клапанының ағыс бағытының маркалануының сәйкестігін сақтаңыз (клапанда нұсқармен көрсетілген)!

10.2 DMH 251, 252 және 253 сорғыларын алғашқы іске қосу/келесі іске қосулары



26-сур. DMH 251, 252 және 253 сорғыларын іске қосу

Айқ.	Компоненттері
1q	Мөлшерлеу бастиегінің бұрандалары
2	Мөлшерлеу бастиегі
3b	Айдау клапаны
E	Ауалау клапаны
F	Деңгейді өлшеуге арналған қуыс бұрғысы бар май құю саңылауының бұрандалы қақпағы
L	Айналыс ұзақтығын реттеуіш тұтқасы
1l	Айналыс ұзақтығын реттеу тұтқасының қақпағы
M	Сақтандырғыш клапан

1. Қуат кабелін қосыңыз.
2. Орнату тәсіліне байланысты сорғыны іске қосыңыз, мүмкіндік болса қысымға қарсылықсыз.

Мөлшерлеу бастиегін ауалауына арналған орнату мысалын *8. Құрастыру* тарауынан қар.

3. Айналыс ұзақтығын реттейтін тұтқаны (L) 0 % орнатыңыз
4. Сорғыны шамамен 5 минут жұмыс істетіңіз.
5. майдың деңгейін тексеріңіз
   – Айналыс ұзақтығын реттейтін тұтқаны (L) 40 % орнатыңыз.
   – Сорғыны шамамен 10 минут айналысын 40 % баптаумен жұмыс істетіңіз.
   – Сорғыны сөндіріңіз, майдың деңгейін тексеріңіз және, қажет болған жағдайда, толықтырып май құйыңыз.
   – Май құю саңылауының бұрандалы қақпаған орнатыңыз (F).

6. Плунжердің манжетіндегі ауаны шығарыңыз.
   – Айналыс ұзақтығын реттейтін тұтқаны (L) 15 % орнатыңыз.
   – Ауалау клапанын (E) бір айналымға солға қарай бұра отырып босатыңыз.
   – Сорғыны шамамен 5 минут жұмыс істетіңіз.
   – Ауалау клапанын (E) қайта тартыңыз.

Енді сорғы жұмыс істеуге дайын.

Ескертпе
Май шашырауының кесірінен зақымдану қаупі бар!
Сорғының жұмыс кезінде газ шығару барысында май шашырауы мүмкін. Ауа шығару бұрандасын бұрап ағытыңыз, бірақ түгелдей дейін емес.
Мөлшерлеу бастиегімен, жалғаулармен немесе желілермен жұмыс істеген кезде, жеке қорғану құралдарын қолданыңыз (қолғаптар және көзілдіріктер)!

Нұсқау

Қуыс бұрғысы стерженінің ұзындығы: 27 мм. Белгіленетін батыру тереңдігі: шамамен 5 мм.

Майдың деңгейін асып кеткенде әриекі апта сайын тексеріңіз және, қажет болған жағдайда майды істемелеп құйыңыз.

Нұсқау

Тек Grundfos компаниясы ұсынған трансмиссиялық май қолданыңыз! Бұйымның нөмірін www.grundfos.ru сайтында «Service kit cataiogue» сервистік жиынтықтар Каталогынан қар.

Сорғының типі	Орындалу нұсқасы	Сипаты
DMH 251	Жалғыз/қосарланған	Ақ май, 1,3 л (Paraffin 55 DAB7)
DMH 252, 10 бар	Жалғыз/қосарланған	Ақ май, 1,3 л (Paraffin 55 DAB7)
DMH 252, 16 бар	Жалғыз/қосарланған	DHG 68, 1,3 л
DMH 253	Жалғыз/қосарланған	DHG 68, 1,3 л

Іске қосқаннан кейін

Назар аударыңыз

Алғашқы іске қосқаннан кейін және мембрананы әр айырбастағаннан кейін мөлшерлеу бастиегінің бұрандаларын қатайтып тартыңыз.
Мөлшерлеу бастиегінің бұрандаларын шамамен әрбәр 6-10 сағат жұмыс істегеннен кейін немесе екі күн жұмыс істегеннен кейін динамометрикалық сомын кілттің көмегімен диагональ бойынша қатайтып тартыңыз.

Бұрандаларды қатайтып тарту шамасы

Сорғының типі	Қатайтып тарту мәні [Нм]
DMH 251, 10 бар	8-10
DMH 251, 16 бар	10-12
DMH 251, 25 бар	13-15
DMH 252	8-10
DMH 253	10-12

10.3 DMH 254, 255 және 257 сорғыларының алғашқы іске қосылуы/келесі іске қосылулары



27-сур. DMH 254, 255 және 257 сорғыларының іске қосылуы

Айқ.	Компоненттері
1q	Мөлшерлеу бастиегінің бұрандалары
2	Мөлшерлеу бастиегі
3b	Ауалау клапаны
F	Деңгейді өлшеуге арналған қуыс бұрғысы бар май құю саңылауының бұрандалы қақпағы.
L	Айналу ұзақтығын реттеу тұтқасы
1l	Айналу ұзақтығын реттегіш тұтқасының қақпағы
M	Сақтандару клапаны

1. Қуат кабелін жалғаңыз.
2. Орнату тәсіліне байланысты сорғыны іске қосыңыз, мүмкіндік болса қысымға қарсылықсыз.

Мөлшерлеу бастиегін ауалауына арналған орнату мысалын *8. Құрастыру* тарауынан қар.

3. Аналыс ұзақтығын реттейтін тұтқаны (L) 0 % қойыңыз.
4. Сорғыны шамамен 5 минут жұмыс істетіңіз.
5. Майдың деңгейін тексеріңіз
   – Аналыс ұзақтығын реттейтін тұтқаны (L) 40 % қойыңыз.
   – Сорғыны шамамен 10 минут айналысын 40 % баптаумен жұмыс істетіңіз
   – Сорғыны сөндіріңіз, майдың деңгейін тексеріңіз және, қажет болған жағдайда, толықтырып май құйыңыз.
   – Май құю саңылауының бұрандалы қақпаған орнатыңыз (F).

Енді сорғы жұмыс істеуге дайын.

Ескертпе
Май шашырауының кесірінен зақымдану қаупі бар!
Сорғының жұмыс кезінде газ шығару барысында май шашырауы мүмкін. Ауа шығару бұрандасын бұрап ағытыңыз, бірақ түгелдей дейін емес.
Мөлшерлеу бастиегімен, жалғаулармен немесе желілермен жұмыс істеген кезде, жеке қорғану құралдарын қолданыңыз (қолғаптар және көзілдіріктер)!

Нұсқау

Қуыс бұрғысы стерженінің ұзындығы: 35 мм. Белгіленетін батыру тереңдігі: шамамен 5 мм.

Майдың деңгейін асып кеткенде әр екі апта сайын тексеріңіз және, қажет болған жағдайда майды үстемелеп құйыңыз.

Нұсқау

Тек Grundfos компаниясы ұсынған трансмиссиялық май қолданыңыз! Бұйымның нөмірін www.grundfos.ru сайтында «Service kit catalogue» сервистік жиынтықтар Каталогынан қар.

Сорғының типі	Орындалу нұсқасы	Сипаты
DMH 254	Жалғыз	DHG 68, 3,5 л
DMH 254	Қосарланған	DHG 68, 4,5 л
DMH 255	Жалғыз	DHG 68, 3,5 л
DMH 255	Қосарланған	DHG 68, 4,5 л
DMH 257	Жалғыз	DHG 68, 5,5 л
DMH 257	Қосарланған	DHG 68, 7,5 л

Іске қосқаннан кейін

Назар аударыңыз

Алғашқы іске қосқаннан кейін және мембрананы әр айырбастағаннан кейін мөлшерлеу бастиегінің бұрандаларын қатайтып тартыңыз.
Мөлшерлеу бастиегінің бұрандаларын шамамен әрбір 6-10 сағат жұмыс істегеннен кейін немесе екі күн жұмыс істегеннен кейін динамометрикалық сомын кілттің көмегімен диагональ бойынша қатайтып тартыңыз.

Бұрандаларды қатайтып тарту шамасы

Сорғының типі	Қатайтып тарту мәні [Нм]
DMH 254	50-54
DMH 255	50-54
DMH 257	50-54

10.4 Сақтандыру клапанының қысымын баптау

Сақтандыру клапанының бапталуы клиентпен берілген қысымға немесе номиналды қысымға орнатылады (мейілінше жоғары қысымға қарсылық). Тапсырыс беруші ашылу қысымын төмен мәнге орната алады.

Сақтандыру клапанын ашу қысымы

Сорғының номиналды қысымы [бар]	Сақтандырғыш клапанды ашу қысымы [бар]
4	5
10	13
16	18
25	28

Ашылу қысымын баптау

- Тегеурінді желідегі қысымды баптау үшін манометр орнату керек, ал оның артынан қысымды қалыпта ұстау клапанын.
- Сақтандыру клапанын баптау үшін бұрауышты пайдаланыңыз.



TM03 6464 1612

28-сур. Ашылу қысымын баптау

Сақтандырғыш клапанын баптау:

1. Манометрден кейінгі қысымды қалыпта ұстау клапанын жабыңыз.
2. Сақтандырғыш клапаннан қақпағын (1m) шешіп алыңыз.
3. Сорғыны іске қосыңыз.
4. Бұрағыштың көмегімен сақтандырғыш клапанның бұрандасын (2m) сағаттың тіліне қарсы керекті ашылу қысымы алынғанша баяулап бұраңыз.



TM03 6465 4506

29-сур. Сақтандырғыш клапанның қысымын баптау

Назар аударыңыз

Сорғының нремесе жүйенің зақымдану қауіпі! Егер сақтандырғыш клапаны жабық болса, ол дұрыс жұмыс істемейтін болады және сорғыда немесе жүйеде бірнеше жүз бар қысым пайда болуы мүмкін. Баптау барысында сақтандырғыш клапанды жаппаңыз!

5. Сақтандырғыш клапанның қақпағын орнына орнатыңыз.
6. Манометрден кейінгі қысымды қалыпта ұстау клапанын ашыңыз

10.5 Нөлдік нүктесін реттеу

10.5.1 Қысымы 100 бар дейінгі жүйеге арналған нөлдік нүктені реттеу

Мөлшерлеу сорғысының нөлдік нүктесі сорғының номиналды қысымынан аз болып зауытта қысымға карсы орнатылады. Егер жұмысты қысымға қарсылық бұл мәннен едәуір ауытқитын болса, неғұрлым дәл мәндер алу үшін, нөлдік нүктені реттеген жөн болады.

Сорғының зауыттық орнатылымындағы нөлдік нүктедегі қысымға қарсылық

Сорғының номиналды қысымы [бар]	Зауыттық орнатылудың нөлдік нүктесіндегі қысымы қысымға карсылық [бар]
10	3
16	3
25	10

10.5.2 Нөлдік нүктесін реттеу



TM03 6466 4506

30-сур. Нөлдік нүктесін реттеу

Айқ.	Компоненттері
L	Айналу ұзақтығын реттеу тұтқасы
1I	Қақпақ
2I	Стопорлы бұранда
3I	Бұранда
4I	Шығыршықты шкала

Ескертпе
Қауіпті орталарды мөлшерлеу кезінде әрдайым тиісті қауіпсіздік шараларын сақтаңыз!
Мөлшерлеу бастиегімен, жалғаулармен немесе желілермен жұмыс істеген кезде, жеке қорғану құралдарын қолданыңыз (қолғаптар және көзілдіріктер)!
Мәнді әрқашан жалғанған айдау желісімен және жұмысты қысымға карсылықпен реттеңіз.

1. Калибрлеу цилиндрін сорып алу жағына орнатыңыз немесе қатты сорып алу желісін мензуркаға орналастырыңыз.
2. Мөлшерлеу шығынын 15 % қойыңыз.
3. Айналу ұзақтығын реттеу тұтқасынан (L) қақпағын (1I) ағытып алыңыз.
4. Бұрауыштың көмегімен стопорлы бұранданы (2I) шамамен 2 айналымға бұрап босатыңыз.

5. Сорғыны қосыңыз.
6. Өлшеу құрылғысында мөлшерлеу тоқтағанға дейін айналу ұзақтығын реттеу тұтқасын баяулап нөлдік нүкте жағына қарай бұрыңыз.
7. Сорғыны сөндіріңіз.
8. Шығыршықты шкаланы (4I) нөлге қойыңыз.
   – Дөңбек кілттің көмегімен шығыршықты шкаладағы (4I) бұранданы (3I) жайлап босатыңыз.
   – Шығыршықты шкаланы (4I) шкаладағы және шығыршықты шкаладағы «0» белгілері сәйкес келетіндей қылып бұрыңыз.
   – Бұранданы (3I) қатайтып тартыңыз.
9. Қолданылуына байланысты, айналу ұзақтығын реттеу тұтқасы айналатындай қылып немесе бұдан былай айналмайтындай қылып стопорлы бұранданы қатайтып тартыңыз.
10. Қақпақты (1I) орнына орнатыңыз.

10.6 Жарылыстан қорғалған сорғылар

Жанғыш орталарды мөлшерлеу туралы *14.8 Мөлшерлеу орталары* тарауынан қар.

Ескертпе
Қатты қызу кезіндегі сорғының жарылуы қауіпі.
Сорғыларды клапандары мен фитингтері жабық тұрған кезде іске қосуға болмайды.

Ескертпе
Сорғыны алғашқы іске қосқан кезде немесе мөлшерлей бастиегін босатқаннан кейін қайтадан іске қосқан кезде, жарылыс қауіпт, булар қоспасы пайда болуы мүмкін.
Сорғыны іске қосқан кезде немесе оны қайтадан іске қосқанда мөлшерлеу бастиегі толық сұйықтықпен құйылған болуы тиіс.
- ***Мөлшерлеу бастиегін және сорып алу құбыр желісін мөлшерлеу ортасымен толтырыңыз; немесе***
- ***сорып алу желісін су басқан кезде, мөлшерлеу ортасының мөлшерлеу бастиегіне келуін қамтамасыз ету үшін, тегеурінді құбыр желісінен газды шығарыңыз.***

11. Пайдалану

Пайдалану шарттары *14. Техникалық сипаттамалар* тарауында келтірілген.

Ескертпе
Жарылыстан қорғалған орындалымындағы сорғыларға арналған арнайы қолдану шарттарын тиісті электр қозғалтқыштың құрастыру және пайдалану бойынша Нұсқаулығынан қараңыз (жеткізу жиынтығына кіреді).

11.1 Пайдалануға қойылатын жалпы талаптар

Тиісті фирмалық тақташалары бар жарылыстан қорғалған орындалымындағы сорғылар, сорғының типіне және жабдықтарына байланысты IIC немесе IIB аймақтарының әлеуетті жарылыс қауіпті атмосферасында жұмыс істеуге жарамды.

Нығыздау және майлау үшін қолданылатын материалдар жұмыс аймағының атмосферасында түзілетін буға, газға және шаңға төзімді болуы тиіс.

Бұл әсіресе пластикті бүлдіруі немесе жағын майы мен трансмиссиялы майдың құрамын өзгертуі мүмкін, ерітінділер мен булардың түйісуі жағдайына қатысы бар, сол себепті өндірімділікке/жұмыс қабілеттілігіне әсерін тигізеді.

Назар аударыңыз
Қолданыстығы жұмыс жағдайларында, жарылыс қауіпіне ұшыратпас үшін, сорғылер тек, егер олардың материалдары мен жұмыс сұйықтықтары механикалық немесе химиялық әсерлерге жеткілікті төзімді болса ғана пайдаланылуы мүмкін.

Рұқсат етілген температура

Нұсқау
Сорғыларды SIP/CIP жуғыштарында (Clean In Place) пайдалану кезінде жұмыс ортасының температурасын жоғарылатуға болмайды.

Мембрананың жарылуын табу (жарылыстан қорғалған сорғылар)

Назар аударыңыз
Жұмыс істеу кезінде сорғылар мөлшерлеу ортасының жол берілмейтін жылыстауының көзі болмауы тиіс (бұл әсіресе жанғыш заттарды мөлшерлеу кезінде маңызды).

Мембрананың жарылуы датчигінен берілетін мембрананың жарылуы сигналы (электрлі оқшауланған геркон) сорғыны дереу тоқтату үшін қолданылуы тиіс.

11.2 Жарылыстан қорғалған орындалымдағы сорғымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелері

Ескертпе
Қатты қызу кезінде сорғылардың жарылуы қауіпі.
Клапандары және фитингтері жабық тұрған кезде, сорғыларды іске қосуға болмайды.

Ескертпе
Сорғы тіпті іске қосу мен жөндеу/қайталап пайдалануға енгізу кезінде де құрғақ жұмыс істемеуі тиіс.

Назар аударыңыз
Ақаулықтар, мысалы, мөлшерлеу сипаттамаларының нашарлауы, сорғының зақымдануынан туындауы мүмкін, бұл жарылыс қауіпін ұлғайтады.
Жұмыс істеу кезінде ақаулықтар туындаған жағдайда, сорғы дереу тоқтатылуы тиіс және ақаулықтар жойылуы тиіс.

11.3 Қосу/ажырату

Внимание
Сорғыны қосар алдында оның дұрыс орнатылғындығын тексеріңіз. 8. Құрастыру және 10. Пайдалануға беру тарауларын қар.

- Сорғыны іске қосу үшін, қуатты қосыңыз.
- Сорғыны тоқтату үшін, қуатты ажыратыңыз.

11.4 Мөлшерлеудің өндірімділігін баптау



31-сур. Мөлшерлеудің өндірімділігін баптау

Айқ.	Компоненттері
L	Айналу ұзақтығын реттеу тұтқасы
1I	Қақпақ
2I	Стопорлы бұранда
3I	Бұранда
4I	Шығыршықты шкала

11.4.1 Мөлшерлеу шығынын баптаңыз және айналу ұзақтығын реттеу тұтқасын бекітіп қойыңыз

1. Айналу ұзақтығын реттеу тұтқасынан (L) қақпақты (1l) шешіп алыңыз.
2. Бұрауыштың көмегімен стопорлы бұранданы (2l) шамамен 2 айналымға бұрап босатыңыз.
3. Сорғының жұмыс істеу процесінде мөлшерлеу шығынын ұлғайтыңыз немесе азайтыңыз.
   – Мөлшерлеудің қажетті көлемін орнату үшін, айналу ұзақтығын реттеу тұтқасын жайлап солға немесе оңға бұраңыз.
4. Қолданылуына байланысты, айналу ұзақтығын реттеу тұтқасы айналатындай қылып немесе бұдан былай айналмайтындай қылып стопорлы бұранданы (2l) қатайтып тартыңыз.
5. Қақпақты (1l) орнына орнатыңыз.

Назар аударыңыз

Егер айнаулы ұзақтығын реттеу тұтқасы толық бұралып ағытулы болса, сорғы жұмыс істемейтін болады! Сорғының реттелуіне байланысты бұл мән 100 бар артатын, сорғының қысымына арналған шкаладан 100 % төмен болуы мүмкін. Мөлшерлеу шығынын 100 % орнату үшін, айналу ұзақтығын реттеу тұтқасын толық ашыңыз және шамамен 10 % жауып қойыңыз.

11.5 AR басқару блогын қолдану (қосымша жабдық)

AR басқару блогын қолдану кезінде атаулы қондырғыға қатысты. Төлқұжат, құрастыру және пайдалану бойынша нұсқауларын сақтаңыз.

11.6 Сервоқозғалтқыш (қосымша жабдық)

Сервоқозғалтқышты пайдалану үшін, жиілік түрлендіргіш Төлқұжатын, құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қар.

11.7 Жиілік түрлендіргіш (опция)

Жиілік түрлендіргішті пайдалану үшін, жиілік түрлендіргіш Төлқұжатын, құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қар.

11.8 Мембрана айналысының кіріктірілген датчигі (опция)

Мембрана айналысының кіріктірілген датчигі айналыстың әртүрлі есептеуіштерімен қолданылуы мүмкін. Мембрана айналысының кіріктірілген датчигін пайдалану үшін, тиісті айналысты есептегіштің Төлқұжатын, құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулығын қар.

11.9 Электр жылытқышы бар мөлшерлеу бастиегі (опция)

Электр жылытқышы бар мөлшерлеу бастиегіндегі термостаттау температурасы релелік реттегіш арқылы реттеледі. Реттеу диапазоны 0-ден 60 °C-дейін. Реттеу қадамы 5 °C.

12. Техникалық қызмет көрсету

12.1 Жалпы ескертулер

Ескертпе

Қауіпті орталарды мөлшерлеу кезінде әрдайым тиісті қауіпсіздік шараларын сақтаңыз!
Мөлшерлеу бастиегімен, жалғаулармен немесе желілермен жұмыс істеген кезде, жеке қорғану құралдарын қолданыңыз (қолғаптар және көзілдіріктер).
Сорғының корпусы тек Grundfos компаниясымен өкілеттенген персоналмен ашылуы тиіс!
Жөндеу жұмыстары тек білікті және өкілетті персоналмен орындалуы тиіс!
Техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын орындар алдында сорғыны сөндіріңіз және қуат блогынан ажыратыңыз!
Мөлшерлеу бастиегін, клапандарды және желілерді алып тастар алдында сорып алу клапанын бұрап ағытып алып, мөлшерлеу бастиегінде қалған ортаны түпқоймаға ағызып жіберіңіз.

Назар аударыңыз

Клапан ағысы бағытының маркалануының сәйкестігін сақтаңыз (клапанда нұсқармен көрсетілген).
Пластмассадан жасалған клапандарды тек қолмен тартыңыз!

12.2 Мембрананың жарылуын табу үшін мембранадан ағуды бақылау

Егер мембрананың жарылуы табылса, бірінші кезекте қатенің көрінетіндігін тексеріңіз, өйткені бұл жерде әртүрлі факторлар әсер етеді, мысалы, мөлшерленетін ортаның немесе жұмыс сұйықтығының қызуы жарықшалардың құрылуына және мембраналардың арасында және клапанда ортаның пайда болуына әкеліп соғуы мүмкін, бұл қателік болдырады.

Мембрананың жарылуын тапқаннан кейін, келесілерді тексеріңіз:

1. Ауа шығару бұрандасын (2u) аз уақытқа ашыңыз, ал содан кейін оны қайтадан жабыңыз.
2. Сорғыны сөндіріңіз.
3. Егер, қысқа уақыт кезеңінен кейін мембрананың жарылыу сигналы қайталанса, бұл мембрананың жарылғандығын білдіреді.

Назар аударыңыз

Мембрана зақымданғаннан кейін мембрананы айырбастаңыз және кері клапанды тазалаңыз, 12.7 Қосарланған мембранасы бар мөлшерлеу бастиегіне арналған мембрананы айырбастау тарауын қар.



32-сур. Қосарланған мембранасы бар мөлшерлеу бастиегі

Айқ.	Компоненттері
S	Түйісу манометрі
T	Шарлы кері клапан
U	Жалғауыш буын
1u	Құю бұрандасы
2u	Ауа шығару бұрандасы

12.3 Тазалаудың және техникалық қызмет көрсетудің мерзімділігі

Май деңгейін тексеру

- Майдың деңгейін әр екі апта сайын тексеріңіз, қажет болған жағдайда, үстемелеп май қосыңыз.

Клапандарды тазалау

- Әр 12 айдан сирек емес немесе жұмыстың 4 000 сағатынан кейін.
- Егер сорғы жұмыс істемесе.
- Ақау болған жағдайда.

Мембрананы және клапандарды тазалаңыз, қаажет болған жағдайда айырбастаңыз (тот баспайтын болаттан жасалған клапандар үшін: клапанның ішкі тетіктері).

Мембраналарды және трансмиссиялық майды айырбастау

- Мөлшерлеу заттегіне және трансмиссиялық майға байланысты, әрбір 12 айдан сирек емес немесе жұмыстың 8 000 сағатынан кейін.
- Шаңды жерде орнатылғандардың трансмиссиялық майын үздіксіз 3 000 сағат жұмыс істегеннен кейін айырбастаңыз.

Қосарланған мембрананың шарлы кері клапанын тазалау

- Мембрана жарылғаннан кейін, дереу шарлы клапанды ағытып алыңыз және тазалаңыз.

Нұсқау ***Шарлы кері клапанды тек мембрана жарылғаннан кейін ғана тазалау қажет!***

12.4 Май деңгейін тексеру

Назар аударыңыз ***Майдың деңгейін шектен асқанда әр екі апта сайын тексеріңіз, қажет болған жағдайда, майды үстемелеп қосыңыз.***

Нұсқау ***Қуыс бұрғысы стерженінің ұзындығы:***
DMH 251-253: 27 мм.
DMH 254-257: 35 мм.
Белгілеу үшін батыру тереңдігі:
5 мм шамасында.

12.5 Сорып алатын және айдау клапандарын тазалау

Ескертпе
Мөлшерлеу бастиегімен, жалғаулармен немесе желілермен жұмыс істеген кезде жеке қорғану құралдарын қолданыңыз (қолғаптар және көзілдіріктер).
Мөлшерлеу бастиегін, клапандарды және желілерді алып тастар алдында сорып алу клапанын бұрап ағытып алып, мөлшерлеу бастиегінде қалған ортаны түпқоймаға ағызып жіберіңіз.

DN 8 орындалуындағы клапан

- Бұрандалы қосылу 5/8",
- Тот баспайтын болат немесе пластмасса,
- Серіппелендірілген (тапсырыс бойынша).

DN 20 орындалуындағы клапан (тек сорып алу жағындағы клапан), жалғастырғыш тетігімен

- Бұрандалы қосылу 1 1/4",
- Пластмасса.

DN 20 орындалуындағы клапан

- Бұрандалы қосылу 1 1/4",
- Тот баспайтын болат немесе пластмасса,
- Серіппелендірілген (тапсырыс бойынша).

DN 32 орындалуындағы клапан (60 Гц жиілігі үшін, тек сорып алу жағындағы клапан), жалғастырғыш тетігімен

- Фланецті қосылу
- Тот баспайтын болат немесе пластмасса,

Сорып алу және айдау клапандарын келесі түрде тазалаңыз:

1. Клапандарды бұрап ағытып алыңыз.
2. Тістеуіктің көмегімен клапанның бұрандалы тетіктерін ағытыңыз.
3. Ішкі тетіктерін бұзыңыз (нығыздағыш, шарлар, шарлы құрсау және, егер болса, серіппе).
4. Барлық тетіктерін тазалаңыз. Ақаулы тетіктерін жаңасына айырбастаңыз.
5. Клапанды қайтадан жинаңыз.
6. Нығыздағыш шығыршықтарды жаңасына айырбастаңыз. Клапанды орнатыңыз.



33-сур. Серіппеленген, (тот баспайтын болаттан не пластмассадан жасалған) DN 8 орындалуындағы клапан



34-сур. Пластмассадан жасалған DN 20 орындалуындағы клапан



Тот баспайтын болат Пластмасса

TM03 6470 4506

35-сур. Серіппеленген, (тот баспайтын болаттан не пластмассадан жасалған) DN 8 орындалуындағы клапан - тапсырыс бойынша



Сорып алу жағы Айдау жағы

TM03 6471 4506

36-сур. DN 32 орындалуындағы клапан, сорып алу және айдау жағы

Назар аударыңыз

Нығыздағыш шығыршықтың соған арналған жырақшаға дәл кіруін қадағалаңыз. Ағыстың бағытын сақтаңыз (клапанда нұсқармен көрсетілген)! Пластмассадан жасалған клапандарды тек қолмен тартыңыз.

12.6 Жалғыз мембранасы бар мөлшерлеу бастиегіне (мембрананың жарылуы датчигісіз) арнап мембрананы және трансмиссиялық майды айырбастау

Ескертпе
Мөлшерлеу бастиегімен, жалғаулармен немесе желілермен жұмыс істеген кезде жеке қорғану құралдарын қолданыңыз (қолғаптар және көзілдіріктер). Мөлшерлеу мембранасы әрбір тарнсмиссиялы майды айырбастағаннан кейін айырбасталуы тиіс. Мөлшерлеу бастиегін, клапандарды және желілерді алып тастар алдында сорып алу клапанын бұрап ағытып алып, мөлшерлеу бастиегінде қалған ортаны түпқоймаға ағызып жіберіңіз.

Нұсқау

Тек Grundfos компаниясы ұсынған трансмиссиялық май қолданыңыз! Бұйымның нөмірін www.grundfos.ru сайтында «Service kit catalogue» сервистік жиынтықтар Каталогынан қар.

Сорғының типі	Орындалу нұсқасы	Сипаты
DMH 251	Дара/ Қосарланған	белое масло (Paraffin 55 DAB7), 1,3 л
DMH 252, 10 бар	Одиночный/ сдвоенный	белое масло (Paraffin 55 DAB7), 1,3 л
DMH 252, 16 бар	Дара/ Қосарланған	DHG 68, 1,3 л
DMH 253	Дара/ Қосарланған	DHG 68, 1,3 л
DMH 254	Дара	DHG 68, 3,5 л
DMH 254	Қосарланған	DHG 68, 4,5 л
DMH 255	Дара	DHG 68, 3,5 л
DMH 255	Қосарланған	DHG 68, 4,5 л
DMH 257	Дара	DHG 68, 5,5 л
DMH 257	Қосарланған	DHG 68, 7,5 л

Нұсқау

Трансмиссиялық майды сыйымды ыдысқа жинаңыз және лайықты түрде кәдеге жаратыңыз.

12.6.1 Трансмиссия майын ағызып алу



TM03 6472 4506

37-сур. Трансмиссия майын ағызып алу

Айқ.	Компоненттері
B	Стопорлы бұранда
1b	Төсем
F	Деңгейді өлшеуге арналған қуыс бұрғысы бар май құю сағылауының бұрандалы қақпағы
L	Айналу ұзақтығын реттеу тұтқасы

1. Май құю саңылауының бұрандалы қақпағын бұрап ағытыңыз. (F).
2. Стопорлы бұранданы бұрап ағытып алыңыз (B) және трансмиссиялық майды сыйымды ыдысқа жинап алыңыз.
3. Аралықты орнатыңыз (1b) және аралықты берік тығыздай отырып стопорлы бұранданы бұрап бекітіңіз (B).

Назар аударыңыз

Майдың болмауы салдарынан зақымдану және майдың жылыстауы қауіпі! Әрбір май айырбастау кезінде жаға төсем орнатқан жөн(1b)!

12.6.2 Мөлшерлеу бастиегін алып тастау

1. Сорып алу және айдау желілерін жабыңыз және сорып алу және айдау клапандарындағы жалғауларды босатыңыз.
2. Мөлшерлеу бастиегінің алты бұрандасын босатыңыз (1q с 2q).
3. Мөлшерлеу бастиегін ағытып алыңыз (2).

12.6.3 Жалғыз мембрананы айырбастау (мембрананың жарылуы датчигісіз)

- Мембрананы алып тастаңыз және сорып алу жағында жаңасын (Q) қойыңыз. 37-сур. қар.



38-сур. Дара мембрананы айырбастау

Айқ.	Компоненттері
1q	Мөлшерлеу бастиегінің бұрандалары
2q	Аралық шайба
2	Мөлшерлеу бастиегі
Q	Мембрана

12.6.4 Мөлшерлеу бастиегін орнату

- Мөлшерлеу бастиегін орнатыңыз және мөлшерлеу бастиегінің бұрандаларын (1q с 2q) динамометрикалы сомынды кілттің көмегімен диагональ бойынша қатайтып тартыңыз.

Нұсқау ***Нұсқау Келесі іске қосу процедурасы үшін 10. Пайдалануға беру тарауын қар.***

12.6.5 Трансмиссиялық май құю

Назар аударыңыз ***Майдың болмауы салдарынан зақымдану және майдың жылыстауы қауіпі! Әрбір май айырбастау кезінде жаңа төсем орнатқан жөн(1b)!***

1. Стопорлы бұранданың (B) нығыздалғандығын тексеріңіз.
2. Май құю саңылауының бұрандалы қақпаған (F) босатыңыз және ағытып алыңыз.
3. Айналу ұзақтығын реттеу тұтқасын (L) «0» қойыңыз.
4. Гидравликалық майды май құю саңылауы арқылы (F), майдың деңгейі қуыс бұрғысындағы белгіге жеткенге дейін баяулап құйыңыз.
5. 30 минут күтіңіз.
6. Сорғыны шамамен 5 минут, 0 % қойылған айналу ұзақтығымен жұмыс істетіңіз.
7. Сорғыны шамамен 5 минут, 40 % қойылған айналу ұзақтығымен жұмыс істетіңіз.

12.6.6 Май деңгейін тексеру

1. Сорғыны сөндіріңіз, майдың деңгейін тексеріңіз және, қажет болған жағдайда майды үстемелеп құйыңыз.
2. Май құю саңылауының бұрандалы қақпағын (F) орнатыңыз.

Назар аударыңыз ***Алғашқы іске қосқаннан кейін және мембрананы әр айырбастағаннан кейін мөлшерлеу бастиегінің бұрандасын қатайтып тартыңыз. Мөлшерлеу бастиегінің бұрандаларын әр 6-10 сағат жұмыс істегеннен кейін немесе екі күн жұмыс істегеннен кейін динамометрикалық сомын кілттің көмегімен диагональ бойынша қатайтып тартыңыз.***

Бұрандаларды қатайтып тарту шамасы

Сорғының типі	Қатайтып тарту шамасының мәні [Нм]
DMH 251, 10 бар	8-10
DMH 251, 16 бар	10-12
DMH 251, 25 бар	13-15
DMH 252	8-10
DMH 253	10-12
DMH 254	50-54
DMH 255	50-54
DMH 257	50-54

12.7 Қосарланған мембранасы бар мөлшерлеу бастиегіне арналған мембрананы айырбастау

Ескертпе
Мөлшерлеу бастиегімен, жалғаулармен немесе желілермен жұмыс істеген кезде жеке қорғану құралдарын қолданыңыз (қолғаптар және көзілдіріктер). Мөлшерлеу мембранасы әрбір тарнсмиссиялы майды айарбастағаннан кейін айырбасталуы тиіс. Мөлшерлеу бастиегін, клапандарды және желілерді алып тастар алдында сорып алу клапанын бұрап ағытып алып, мөлшерлеу бастиегінде қалған ортаны түпқоймаға ағызып жіберіңіз.

Нұсқау ***Тек Grundfos компаниясы ұсынған трансмиссиялық май қолданыңыз! Бұйымның нөмірін www.grundfos.ru сайтында «Service kit catalogue» сервистік жиынтықтар Каталогынан қар.***

12.7.1 Мөлшерлеу бастиегін алып тастау

1. Сорып алу және айдау желілерін жабыңыз және сорып алу және айдау клапандарындағы жалғауларды босатыңыз.
2. Мөлшерлеу бастиегінің алты бұрандасын (1q с 2q) босатыңыз.
3. Мөлшерлеу бастиегін ағытып алыңыз (2).

12.7.2 Қосарланған мембрананы алмастыру

1. Аралық дисклерді (3q), нығыздағыш шығыршықтарды (4q) және оқшаулау шығыршықтарын (5q) тазалаңыз. Мембрана жарылғаннан кейін тетіктерін жаңасына айырбастаңыз.
2. Тістеуіктің көмегімен абайлап екі қысу муфталарын (6q) алып тастаңыз. Мембрана жарылғаннан кейін тетіктерін жаңасына айырбастаңыз.
3. Екі мембрананыңда сыртқы қабырғасының қалыңдығын (Q1 және Q2): $s1_{(Q1)} < s2_{(Q2)}$.



39-сур. Мембрананы орнату

1) Мембрананың формасы сорғының типіне байланысты болады.

Айқ.	Компоненттері
1q	Мөлшерлеу бастиегінің бұрандалары
2q	Аралық шайба
2	Мөлшерлеу бастиегі
Q1/Q2	39-сур. қар
3q - 5q	

Назар аударыңыз

Мембраналарды (Q1 және Q2) орнатудың дұрыс процедурасын сақтаңыз! 39-сур. қар. Неғұрлым жұқа мембрана (Q1) мөлшерлеу жағына орнатылады, ал неғұрлым қалың мембрана (Q2) сорғы жағына орнатылады!

4. Екі жаңа мембраналарды (Q1 және Q2) және компоненттерді (3q-5q) сызбаларға сәйкес дұрыс ретте орнатыңыз (қыспа муфталар (6q) ортасына келтіру үшін қолданылады).



40-сур. Мөлшерлеу бастиегі жағындағы мембрана

Айқ.	Компоненттері
S	Түйісу манометрі (орнату нүктесі)
Q1	Мөлшерлеу бастиегі жағындағы мембрана
Q2	Сорғы жағындағы мембрана
3q	Аралық шайба
4q	Нығыздағыш шығыршықтар
5q	Оқшаулау шығыршықтары
6q	Қыспа муфталар

Назар аударыңыз

Мембраналардың (Q) арасында орналасқан парафин май қысқыш муфталар (6q) арқылы түйісу манометріне (S) оны толтыра отырып беріледі, және мембрананың жарылуын табуды белсендіреді. Бұл май қысқыш муфталардың саңылаулары арқылы мембраналар арасындағы және аралық дискідегі өтуді қамтамасыз етеді. Сондықтан қысқыш муфталар (6q) қысқыш муфталардағы кесулер аралық дискідегі (3q) кесулерге бағытталатындай болып дұрыс конфигурацияда орнатылуы тиіс, 40-сур. қар.

12.7.3 Мөлшерлеу бастиегін толтыру

- Мөлшерлеу бастиегін орнатыңыз және динамометрикалық сомын кілттің көмегімен мөлшерлеу бастиегінің бұрандаларын диагональ бойынша қатайтып тартыңыз.

Нұсқау

Келесі іске қосу процедурасы үшін 10. Пайдалануға беру тарауын қар.

12.7.4 Қосарланған мембрананы парафин майымен толтыру

Назар аударыңыз

Егер мембрана жарылған болса, мембрананы парафин майымен толтырар алдында шарлы кері клапанды тазалау керек. Шарлы кері клапанды тек мембрана жарылғаннан кейін тазалау керек!

Қосарланған мембраналы сорғы: Мембрананы айырбастағаннан кейін мембраналар арасындағы аралықты парафин майымен толтырыңыз.



41-сур. Қосарланған мембраналы мөлшерлеу бастиегі

Айқ.	Компоненттері
S	Түйісу манометрі
T	Шарлы кері клапан
U	Жалғау буыны
1u	Құю бұрандасы
2u	Ауа шығару бұрандасы

1. Сорғының айналу ұзақтығын реттеу тұтқасын 0 % қойыңыз.
2. Құю бұрандасын (1u) ашыңыз және ауа шығару бұрандасын (2u) бір айналымға бұрыңыз.
3. Толтыру құбыршегін құю бұрандасының ниппеліне (1u) жалғаңыз және мөлшерлеу шприцын қолданып, төмендегі кестеде келтірілген парафин майының қажетті мөлшерін енгізіңіз.
4. Құю бұрандасын (1u) жабыңыз, бірақ ауа шығару бұрандасын (2u) ашық қалдырыңыз.
5. Сорғыны орнатылған жүйенің қысымға карсылығымен және айналу ұзақтығын 40 % қойып іске қосыңыз.
